

А.Ш. Жұбанышов*, С.М. Каупенбаева

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

*e-mail: akniet.zhubanyshov@gmail.com

АЙТЫС ӨНЕРІНІҢ ЦИФРЛЫҚ МӘДЕНИЕТТЕГІ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Айтыс өнері – қазақ халқының ауыз әдебиетінің ең танымал түрі. Ол ғасырлар бойы қоғамдық ойдың, әлеуметтік сынның, ұлттық болмыс пен мәдени мұраның негізгі алаңы болып келді. ХХІ ғасырда цифрлық мәдениеттің дамуы дәстүрлі өнер түрлеріне жаңа үлгілерді ұсынып жатыр. Айтыс та бұл үрдістен тыс қалған жоқ. Ол телевизиядан бастап әлеуметтік желілерде және түрлі онлайн платформаларда кеңінен таралып жүр. Дегенмен айтыстың жаңа медиалық ортадағы трансформациялық ерекшеліктері мен оның цифрлық мәдениеттегі рөлі толыққанды зерттелмеген. Айтыс өнерінің цифрлық мәдениет аясында өзгеруі дәстүрді сақтай отырып, жаңа формаларға бейімделу арқылы жүзеге асатынын көрсетеміз. Зерттеудің мақсаты – дәстүрлі айтыс пен оның трансформацияланған түрін салыстыра отырып, өзгерістің негізгі бағыттарын айқындау. Әдістер ретінде мәдениеттанулық талдау, компаративті тәсіл және дискурс-талдау қолданылды. Телевизиялық айтыстар, әлеуметтік желідегі бейнежазбалар мен тікелей эфирлер дәстүрлі сахналық айтыспен салыстырылды. Эмпирикалық материалға 2019–2024 ж. «Алтын домбыра» айтысының офлайн және онлайн көрсеткіштері енгізілді. Нәтижелер айтыстың мультимедиалық сипатының күшейгенін, көрерменнің пікір, лайк, репост арқылы тыңдарманнан қатысушыға айналғанын және айтыс мәтінінің цифрлық кеңістікте мұрағатталып, қайта таралуының жүйелі түрде кең сипат алғанын көрсетті. Бұл зерттеу айтыстың цифрлық кеңістіктегі трансформациясын ұлттық мәдени мұраның өміршеңдігін сақтаудың және оны жаһандық деңгейде танытудың жаңа жолы ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: айтыс, цифрлық мәдениет, трансформация, дәстүр, жаңашылдық, әлеуметтік желі.

A.Sh. Zhubanyshov*, S.M. Kaupenbayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: akniet.zhubanyshov@gmail.com

Transformation of Aitys in Digital Culture

Aitys is one of the most well-known forms of Kazakh oral folk literature. For centuries, it has served as a key platform for public thought, social critique, the expression of national identity, and the preservation of cultural heritage. In the twenty-first century, the development of digital culture has introduced new models for traditional art forms, and aitys has not remained outside this process. It is now widely disseminated through television, social networks, and various online platforms. However, the transformational characteristics of aitys in the new media environment and its role in digital culture have not yet been comprehensively studied. This study demonstrates that the transformation of aitys within digital culture occurs through adaptation to new forms while maintaining tradition. The purpose of the research is to compare traditional aitys with its transformed forms and to identify the main directions of change. The study employs cultural analysis, a comparative approach, and discourse analysis. Televised aitys, social media videos, and live streams are compared with traditional stage performances of aitys. The empirical material includes offline and online performance indicators of the “Altyn Dombira” aitys for 2019–2024. The results show an increase in the multimedia character of aitys, the transformation of viewers from listeners into participants through comments, likes, and reposts, and the systematic expansion of digital archiving and redistribution of aitys texts. This research makes it possible to interpret the transformation of aitys in digital space as a new way to sustain the vitality of national cultural heritage and to promote it at the global level.

Keywords: aitys, digital culture, transformation, tradition, innovation, social media.

А.Ш. Жұбанышов*, С.М. Каупенбаева

КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: akniet.zhubanyshov@gmail.com

Трансформация айтыса в цифровой культуре

Айтыс – один из самых известных жанров казахского устного народного творчества. На протяжении веков он служил ключевой площадкой общественной мысли, социальной критики, выражения национальной идентичности и сохранения культурного наследия. В XXI веке развитие цифровой культуры предлагает новые форматы для традиционных видов искусства, и айтыс также вовлечён в эти процессы. Он широко распространяется от телевидения до социальных сетей и различных онлайн-платформ. Однако особенности трансформации айтыса в новой медиасреде и его роль в цифровой культуре до сих пор не получили всестороннего научного осмысления. В статье показано, что изменения айтыса в контексте цифровой культуры осуществляются через адаптацию к новым формам при сохранении традиции. Цель исследования – сопоставить традиционный айтыс и его трансформированные формы, определив основные направления изменений. В качестве методов применены культурологический анализ, компаративный подход и дискурс-анализ. Телевизионные версии айтыса, видеозаписи и прямые эфиры в социальных сетях сопоставлены с традиционным сценическим айтысом. В эмпирическую базу включены офлайн и онлайн показатели айтыса «Алтын домбыра» за 2019–2024 гг. Результаты показали усиление мультимедийного характера айтыса, превращение зрителя из слушателя в участника через комментарии, лайки и репосты, а также систематическое расширение практик цифрового архивирования и повторного распространения текстов айтыса. Исследование позволяет интерпретировать трансформацию айтыса в цифровом пространстве как новый способ сохранения жизнеспособности национального культурного наследия и его представления на глобальном уровне.

Ключевые слова: айтыс, цифровая культура, трансформация, традиция, инновация, социальные сети.

Кіріспе

XXI ғасырдың мәдениетінің басты феномендерінің бірі – цифрлық мәдениет. Цифрлық мәдениет қазіргі қоғамда біздің қалай әрекет ететінімізді, қалай ойлайтынымызды және қалай қарым-қатынас жасайтынымызды білдіреді (Gergen, 1991; Frindte & Geschke, 2019). Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық мәдениет – айналамызда барған сайын көбейіп келе жатқан цифрлық технологияның өнімі. Сонымен қатар ол өз кезегінде технологияны қолдануымыз арқылы үнемі өзгеріп, түрленіп отырады.

Қазақ халқының мәдени кеңістігінде айтыс өнері тек қос айтыскер ақынның сөз жарыстыруы ғана емес, ғасырлар бойы қоғамдық пікір қалыптастыратын, ұлттық болмыс көрініс табатын күрделі мәдени құбылыс ретінде орнықты. Қалыптасқан дәстүрлі тәжірибе аясында айтыс белгілі бір мезетте, нақты кеңістікте өтіп, сол жиынға қатысқан қауымның санасында сақталатын оқиға түрінде орын алды. Айтыскер ақын мен тыңдарман арасындағы тікелей қарым-қатынас, сөз өнері, сахналық әдеп, орындаушылық шеберлік пен суырыпсалмалық айтыстың негізгі өлшемдері саналды.

XXI ғасырда цифрлық мәдениеттің қалыптасуы мен жаңа медианың дамуы бұл дәстүрлі

үлгіні мүлде басқа акпараттық-коммуникативтік ортаға көшіріп отыр. Телевизиялық жобалар, YouTube арналары, әлеуметтік желілердегі бейнежазбалар, тікелей эфирлер айтысты кең аудиторияға ұсынудың жаңа арналарын ашты. Енді айтыс тек ғана ас, той, мерекелік шаралар немесе сахна шеңберінде емес, цифрлық платформалар арқылы мұрағатталатын, қайта-қайта қаралатын, бөлісетін және пікірталас тудыратын медиаконтентке айналды. Мұндай өзгеріс айтыстың жанрлық-поэтикалық формасын түбегейлі өзгертуден гөрі, оның медиалық ұсынылу форматына, қабылдану тәсілдеріне және атқаратын әлеуметтік-мәдени қызметтеріне әсер етіп отыр.

Осыған қарамастан, айтыстың цифрлық кеңістіктегі жағдайы мен жаңа медиалық ортадағы трансформациясы мәдениеттанулық тұрғыдан әлі де жүйелі түрде зерделенген жоқ. Көп жағдайда талқылау жекелеген айтыскерлердің шығармашылығы немесе белгілі айтыстар төңірегіндегі пікірлермен шектеледі. Ал айтыстың цифрлық мәдениет жағдайындағы орны, қызметтері мен мағыналық өзгерістерін тұтастай қарастыратын зерттеулер жеткіліксіз. Бұл дегеніміз айтысты қазіргі цифрлық мәдениеттің бір бөлігі ретінде қарастырып, дәстүрлі және жаңа формалардың өзара байланысын кешенді талдаудың өзектілігін арттырады.

Тақырыптың өзектілігі айтыстың цифрлық кеңістіктегі хәлі мен медиалық түрленуіне мәдениеттанулық тұрғыдан жүйелі бағаның әлі де жеткіліксіз берілуімен айқындалады. Сондай-ақ бұл үдерістің кешенді сарапталмауымен сипатталады. Алдымен, айтыс – суырыпсалмалыққа негізделген көнеден келе жатқан мәдени феномен. Екіншіден, қазіргі кезеңде айтыс телевизия, әлеуметтік желілер мен түрлі онлайн платформалар арқылы цифрлық үрдіске айналып отыр. Осы екі арнаның түйісуінде айтыстың қандай қасиеттері сақталады, қандай қырлары жаңаша мағынаға ие болады, дәстүр мен жаңашылдық арасындағы қандай байланыс бары зерттеудің басты бағыт-бағдарын айқындайды.

Осы мақалада айтыс өнерінің цифрлық мәдениеттегі трансформациясы мәдениеттанулық талдау, компаративті әдіс және дискурс-талдау негізінде қарастырылады. Зерттеу нысаны ретінде дәстүрлі сахналық айтыс пен оның қазіргі медиа кеңістіктегі формалары, атап айтқанда телевизиялық айтыс жобалары, әлеуметтік желілердегі бейнежазбалар, тікелей эфир форматындағы айтыстар алынады. Салыстырмалы талдау арқылы көне айтыстар мен заманауи айтыстар, айтыскерлердің орындаушылық ерекшеліктері, көрерменмен байланыс формалары цифрлық кеңістікте қалай өзгергені сарапқа салынады.

Зерттеудің мақсаты – айтыстың цифрлық кеңістіктегі түрлену ерекшеліктерін айқындау. Сонымен қатар, оның цифрлық мәдениеттегі рөлін ұлттық мәдени мұраның өміршеңдігін қамтамасыз етудің және оны жаңаша үлгіде танытудың мүмкіндігі ретінде ғылыми негіздеу. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылады:

- айтыстың дәстүрлі үлгісінің тарихи-мәдени қызметтері мен құрылымдық ерекшеліктерін қысқаша жүйелеу;

- телевизиялық айтыстар мен онлайн платформалардағы айтыс формаларын дәстүрлі сахналық форматпен салыстыра талдау;

- әлеуметтік желідегі айтыстың ерекшеліктері мен таралу үлгілерін сипаттау;

- айтыстың цифрлық кеңістіктегі трансформациясын ұлттық мәдени мұраны сақтаудың және оны жаһандық аудиторияға ұсынудың жаңа тәсілі ретінде интерпретациялау.

Мақаланың ғылыми жаңалығы айтыс өнерін цифрлық мәдениет аясында дәстүрді жай ғана цифрландыру тәжірибесі ретінде емес, жаһандану үрдістеріне бейімделе отырып, өзінің түпнегізін сақтап қалуға үмтылатын динамикалық мәдени құбылыс ретінде қарастырылады. Телевизиялық айтыстар, әлеуметтік желідегі

бейнежазбалар мен тікелей эфирлерді дәстүрлі сахналық айтыспен салыстыру айтыстың мультимедиалық элементтермен байып, көрерменмен интерактивті байланысы күшейгенін көрсетеді. Осы арқылы айтыстың цифрлық кеңістіктегі трансформациясы ұлттық мәдени мұраның жалғасын қамтамасыз ететін, сонымен қатар оны жаһандық деңгейде жаңа форматта таныстыруға мүмкіндік беретін мәдени құндылық ретінде пайымдалады.

Әдістеме және зерттеу әдістері

Бұл зерттеу интерпретативті мәдениеттану парадигмасына сүйенген сапалық сипаттағы теориялық-эмпирикалық талдау ретінде құрылды. Зерттеудің теориялық негізін цифрлық мәдениет, цифрлық фольклор (digital folklore, netlore), қатысушы мәдениет (participatory culture), медиа-конвергенция және дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы туралы еңбектер құрайды (McClelland, 2000; Howard, 2008; Blank, 2012; Jenkins, 2006; Papadakis & Kapaniaris, 2022; Kapaniaris, 2020).

Әдіснамалық жағынан мақалада төрт негізгі тәсіл кешенді түрде қолданылды:

1. мәдени талдау;
2. салыстырмалы (компаративті) талдау;
3. дискурс-талдау;
4. сипаттамалық-статистикалық талдау.

Біріншіден, мәдени талдау арқылы айтыс өнері цифрлық мәдениет контекстінде қарастырылып, оны ұлттық фольклорлық жад пен жаңа медиа инфрақұрылымдардың тоғысында орналасқан гибриді мәдени феномен ретінде түсіндіру мақсаты қойылды. Цифрлық фольклор ұғымы, netlore туралы тұжырымдар, сондай-ақ онлайн кеңістіктегі дәстүрлі өнер формаларына қатысты зерттеулер айтыстың жаңа медиалық ортадағы өмір сүру формаларын интерпретациялауда теориялық шеңбер ретінде пайдаланылды.

Екіншіден, салыстырмалы талдау (компаративті әдіс) дәстүрлі сахналық айтыс туралы ғылыми әдебиеттерде қалыптасқан сипаттамалар мен қазіргі телевизиялық және онлайн форматтардағы айтыс жөніндегі деректерді қатар қарастыру үшін қолданылды. Бұл жерде дәстүрлі айтыстың кеңістіктік-уақыттық шектеулілігі, орындау жағдайы, тыңдарманмен тікелей байланыс сияқты белгілері қазіргі телевизиялық жобалар мен әлеуметтік желідегі айтыстардың сипаттамаларымен салыстырылып, айтыстың медиалық трансформациясының негізгі бағыт-

тары (сахнадан экранға, локалды жиыннан желілік аудиторияға өту, т.б.) айқындалды.

Үшіншіден, дискурс-анализ және сипаттама-лық-статистикалық тәсілдер «Алтын домбыра» айтысының 2019–2024 жылдар аралығындағы офлайн және онлайн аудиториясын талдау барысында қолданылды. Ашық дереккөздерден алынған статистикалық мәліметтер (залдағы көрермен саны, YouTube арналарындағы қаралым, лайк пен пікір саны) кестеге түсіріліп, айтыстың кеңістіктік ауқымы мен қатысу формасының өзгерісін сипаттайтын көрсеткіш ретінде қарастырылды. Бұл деректер дәстүрлі тыңдарманның цифрлық ортада интерактивті қолданушыға, яғни «қатысушы мәдениет» субъектісіне айналу үдерісін түсіндіруге негіз болды (Jenkins, 2006).

Сонымен қатар COVID-19 кезеңіндегі онлайн айтыс жобалары, интернет айтыстың қалыптасуы, «Aitys Online» сияқты форматтар туралы отандық зерттеушілердің еңбектеріндегі (Nurimanov & Kishkenbayeva, 2021; Nuriman, 2023; Zhalgasbayeva, 2024) сипаттамалар дәйектеуші эмпирикалық материал ретінде пайдаланылды. Бұл материалдар айтыстың цифрлық кеңістіктегі жаңа формаларының (интернет айтыс, онлайн айтыс, радио айтыс) netlore шеңберінде қалай түсіндірілетінін көрсетуге мүмкіндік берді.

Жалпы алғанда, аталған әдістер жалпы ғылыми талдау, жинақтау және интерпретация тәсілдерімен ұштастырыла отырып, айтыстың цифрлық мәдениеттегі трансформациясын:

- медиалық деңгейде (форматтар мен платформалардың өзгеруі),
- қатысу деңгейінде (тыңдарманнан цифрлық қатысушыға өту),
- институционалдық деңгейде («қола–күміс–алтын» домбыра жүйесі) кешенді түрде сипаттауға және оны цифрлық фольклор мен қатысушы мәдениет теориялары тұрғысынан ғылыми тұрғыда негіздеуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер және оларды талқылау

Айтыс және цифрлық фольклор

2000-жылдардан бері гуманитарлық ғылымдарда «цифрлық фольклор» ұғымы төңірегінде жүйелі ғылыми диалог қалыптасты. Бұл диалог, бір жағынан, интернет пен әлеуметтік желілерде жүзеге асатын цифрлық тәжірибелер, әдістер мен технологияларды сипаттауға бағытталды. Екінші жағынан, дәстүрлі фольклортану тәсілдерінің цифрлық технологиялармен ұштасу мүмкіндіктерін қарастырады. Зерттеулердің маңызды бөлігінде «фольклор цифрлық ортаға қа-

лай көшеді?» және «интернеттегі мәдени тәжірибелерді фольклор ретінде танудың өлшемдері қандай?» деген сұрақтар талданады (Papadakis, 2021; Karaniaris, 2020).

Интернеттің дамуы дәстүрлі өнер мен фольклордың жаңа медиалық кеңістікте өмір сүру формаларын түбегейлі өзгертті. Цифрлық платформалар (веб-сайттар, әлеуметтік желілер, цифрлық мұрағаттар) фольклорлық мәтіндер мен орындаушылық тәжірибелерді сақтау, қайта өндіру және тарату үшін жаңа инфрақұрылымдық база ұсынады. Зерттеушілер интернетті фольклорды жинау мен мұрағаттаудың ғана емес, сонымен қатар оны жаңа бағытта қайта ұсыну алаңы ретінде сипаттайды. McClelland интернетті фольклорды, халықтың дәстүрлі өнерін таратуға мүмкіндік беретін базалық инфрақұрылым ретінде қарастырып, «интернет фольклорды таратушы қызметін атқарады» деп тұжырымдайды (McClelland, 2000). Howard интернетті бұқаралық мәдениеттің әртүрлі түрлерінің жылдам таралуын қамтамасыз ететін қуатты, жаңа арна деп сипаттаса (Howard, 2008), Blank технологияны дәстүрлі шығармашылық формаларын жаңа тәсілдермен таратуға және ғылыми айналымға енгізуге мүмкіндік беретін экспрессивті медиалық орта, яғни фольклорлық әрі дәстүрлі мәдени тәжірибелердің цифрлық кеңістікте қайта өндірілуі мен трансформациясына қолайлы жағдай жасайтын орта ретінде қарастырады (Blank, 2012).

Ақпараттың қолжетімділік пен іздеуге ыңғайлы болып өңделуі мәдени мұраны сақтау мен қайта жаңғыртудың негізгі шартына айналады (Karaniaris, 2008). Интернеттің дәстүрлі өнерді сақтау мен таратудағы рөлі де ерекше. Цифрлық мұрағаттар мен дерекқорлар айтыс, жыр-термелер, халық әндерін аудио, бейне, мәтін түрлерінде сақтауға және қайта таратуға мүмкіндік береді. Осылайша, цифрлық фольклор тек жаңа мазмұн туғызатын орта ғана емес, сонымен бірге дәстүрлі мәдени үлгілерді жүйелеу, мұрағаттау және ғылыми айналымға түсіру алаңы ретінде көрінеді.

Айтыс өнері цифрлық фольклор ұғымын нақтылайтын қазақ мәдениетіндегі басты эмпирикалық нысандардың бірі болып отыр. Интернет пен әлеуметтік желілерде қалыптасқан интернет айтыс, радио айтыс, онлайн айтыс форматтары дәстүрлі поэтикалық сайыстың netlore кеңістігіне бейімделген жаңа түрлері ретінде сипатталады. COVID-19 кезеңіндегі онлайн жобаларды талдаған зерттеулер айтыстың цифрлық ортада да әлеуметтік сын, тарихи жады және ұлттық бірегейлікті бейнелеу функцияларын сақтай

отырып, жастар сленгі мен интернет тілі арқылы жаңа экспрессивтік деңгейге көтерілгенін көрсетеді (Nurimanov & Kishkenbayeva, 2021; Nuriman, 2023).

Айтыс пен цифрлық фольклор арақатынасы қазақстандық материал негізінде арнайы талданған еңбектердің бірі – Қ. Жалғасбаеваның «Development of Internet Aitys in Kazakhstan» мақаласы. Автор netlore теориясы шеңберінде дәстүрлі айтыс пен интернет-айтыстың арақатынасын қарастыра отырып, Abai.kz порталындағы 2010 жылғы алғашқы мәтіндік интернет-айтысты, 2019 жылғы «Aitys Online» жобасын және пандемия кезіндегі онлайн-айтыстарды салыстырмалы түрде талдайды. Бұл зерттеу «интернет кеңістігінде пайда болатын фольклорлық құбылыстарды «netlore» деп атауды ұсынған тұжырымдармен (Bars, 2018; Alekseyevskiy, 2015; Nalcioğlu, 2020) үндес келеді. Яғни айтыстың цифрлық кеңістіктегі жаңа формалары фольклорды тек тасымалдау құралы емес, жаңа жанрлық-медиялық орта ретінде сипатталатын интернет фольклордың нақты эмпирикалық үлгісі ретінде қарастырылады.

Айтыс және цифрлық мәдениет

Америкалық медиа-зерттеуші Генри Дженкинс «Convergence Culture: Where Old and New Media Collide (2006) еңбегінде жаңа медианың тұтынушыны қатысушыға айналдыратынын атап өтіп, цифрлық мәдениетті «қатысушы мәдениет» ұғымы арқылы түсіндіреді. Оның па-

йымдауынша, цифрлық ортада пайдаланушылар тек дайын мазмұнды қабылдаушы ғана емес, сонымен бірге оны өндіруге, өңдеуге және таратуға белсенді араласатын субъектілерге айналады. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық мәдениет дәстүрлі өнердің сақталуы мен қайта жаңғыруының, сондай-ақ олардың мазмұны мен пішінінің жаңа медиалық форматтарға трансформациялануының маңызды алаңы болып көрінеді (Jenkins, 2006). Онлайн және телевизиялық айтыста, айтыстардың әлеуметтік желілер мен платформаларда жариялануында көрермен тек тыңдаушы ғана емес, лайк, пікір, дауыс беру, үзінділерді бөлісу арқылы мәтіннің қабылдануын, бағалануын және кейінгі таралу траекториясын айқындайтын белсенді қатысушыға айналады. Онлайн айтыс форматы да цифрлық мәдениеттің мағынасын нақтылай түседі. Жалғасбаеваның көрсетуінше, «Aitys Online» сияқты жобаларда ақындар әртүрлі қалада отырып, бейнеқоңырау арқылы айтысады, ал жеңімпазды көрермен онлайн дауыс беру арқылы анықтайды. Бұл жерде дәстүрлі айтыстағы қошемет көрсетіп, қолдарын шапалақтау секілді тікелей қолдау білдіру орнына лайк, пікір, репост және дауыс беру сияқты цифрлық қатысу тетіктері іске қосылады.

«Алтын домбыра» айтысының 2019–2024 жылдар аралығындағы деректері айтыс өнерінің дәстүрлі сахналық форматтан цифрлық мәдениетке біртіндеп бейімделіп жатқанын айқын көрсетеді (1-кесте).

1-кесте

2019–2024 жылдар аралығындағы «Алтын Домбыра» айтысының офлайн және онлайн аудиториясы

Жыл	Өткен орны	Залдағы көрермен (адам)	Youtube арнасы	Қаралым саны	Лайк саны	Пікір саны
2019	«Аманат» концерт залы, Орал қаласы	550	Qazaqstan TV	1297256	6500	716
2020	Nomad City Hall залы, Астана қаласы	861	Qazaqstan TV	327378	2100	282
2021	Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» залы, Астана қаласы	3500	Qazaqstan TV	155213	1300	132
2022	«Конгресс Холл» көпсалалы кешені, Түркістан қаласы	1000	Turkistan TV	80581	631	96
2023	Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония, Астана қаласы	2355	ASTANA SHOW	312941	1900	229
2024	Қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ ұлттық музыкалық драма театры, Астана қаласы	635	Qazaqstan TV	77772	655	82
2019-2024	Барлығы	8901		2251141	13086	1537

Ескерту: автор құрастырған.

Біріншіден, офлайн кеңістіктегі көрермен саны мен онлайн қаралымдар арақатынасы айтыстың енді тек залға жиналған аудиториямен шектелмейтінін дәлелдейді. Мысалы, 2019 жылы Оралдағы «Аманат» концерт залында 550 көрермен болса, сол айтыстың Qazaqstan TV YouTube арнасындағы қаралымы 1 297 256-ға жеткен. Оның үстіне, 6500 лайк пен 716 пікір желідегі қатысудың, яғни аудиторияның көрерменнен қатысушыға айналу үдерісін көрсетеді. Дәстүрлі аксүйек өнердің кеңістіктік шекарасы залмен емес, сандық платформаның ауқымымен айқындалатыны, ал көрермен тәжірибесі экран алдындағы эмоционалды әрі интерактивті қатысумен толығыатыны байқалады.

Екіншіден, 2019 жылдан кейінгі кезеңде залдағы аудитория мен онлайн статистиканың өзгеруі айтыстың медиалық кеңістікке тәуелділігін көрсетеді. 2021 жылы Астанадағы Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» залында 3500 адам жиналса да, Qazaqstan TV арнасындағы қаралым 155 213 деңгейінде қалған. 2023 жылғы Астанада өткен «Алтын домбыра» айтысында залдағы 2355 көрерменге ASTANA SHOW арнасындағы 312 941 қаралым сәйкес келеді. Ал 2024 жылы Қалибек Қуанышбаев театрында 635 көрермен жиналып, YouTube-тағы қаралым 77 772 болып тіркелген. Бұл сандар бір жағынан платформаның танымалдығына, арна саясаты мен алгоритмдерге байланысты. Екінші жағынан – айтыстың тақырыбы мен ақпараттық күн тәртібімен үндесу деңгейіне тәуелді екенін көрсетеді. Яғни залдағы толықтық айтыстың қоғамдық қажеттілігін толық өлшемейді. Цифрлық айналымдағы қайта қарау, бөлісу, айтыс үзінділерін тарату айтыстың мәдени ықпалының маңызды құрамдасына айналған.

Үшіншіден, YouTube-тағы лайк пен пікір саны айтыстың қазіргі цифрлық мәдениетте «әлеуметтік рейтинг» және «қоғамдық пікірталас» механизмі арқылы бағаланатынын аңғартады. Мысалы, 2019 жылғы айтыста пікір саны 716 болса, кейінгі жылдары пікірлер көлемі 96–282 аралығында құбылады. Бұл онлайн қатысу формаларының әртараптануымен түсіндірілуі мүмкін. Цифрлық мәдениет теориясы тұрғысынан мұндай көрсеткіштер айтыстың енді тек бір сахнамен шектелмей, желілік кеңістікте қайта талқыланатын, пікір алмасу арқылы мағынасы кеңейетін мәдени өнімге айналғанын көрсетеді.

Төртіншіден, Түркістандағы 2022 жылғы айтыстың Turkistan TV арнасы арқылы 80 581 қаралым жинауы, сондай-ақ түрлі арналардың (Qazaqstan TV, Turkistan TV, ASTANA SHOW)

қатар жұмыс істеуі медиамекемелердің де айтыс арқылы өңірлік бренд, мәдени имидж қалыптастыруға мүдделі екенін көрсетеді. Бұл – айтыстың медиа индустриямен тоғысуын, яғни айтыстың тек фольклорлық құбылыс қана емес, мәдени индустрияның элементі екенін айқындайды.

2019–2024 жылдар деректері бойынша айтыстың онлайн аудиториясы офлайн қатысудан айқын басым. Нәтижесінде, YouTube қаралым саны 2 251 141 болса, залдағы жиынтық көрермен 8901 адамды құрайды. Бұл көрсеткіштер онлайн аудиторияның ауқымы дәстүрлі сахналық айтыспен салыстырғанда әлдеқайда кең екенін дәлелдейді. Айтыс өнері цифрлық мәдениет жағдайында таралу шеңберін кеңейтіп, қабылдау тәжірибесі платформаларға тәуелді жаңа форматтарға ауысқанын аңғартады.

Жалпы алғанда, «Алтын домбыра» айтысының 2019–2024 жылдар аралығындағы статистикасы айтыс өнерінің цифрлық мәдениет жағдайында үш негізгі деңгейде трансформацияланып жатқанын көрсетеді:

1. Кеңістік өлшемі – залдағы шектеулі аудиториядан жаһандық онлайн көрерменге дейін кеңеюі;

2. Қатысу формасы – пассивті тыңдаушыдан белсенді пікір қалдырушы, бағалаушы, бөлісуші цифрлық қолданушыға өтуі;

3. Мәдени айналым – бір реттік сахналық оқиғадан үздіксіз цифрлық фольклорлық айналымдағы мәтінге айналуы.

Қорытындылай келе, айтыс қазіргі цифрлық мәдениет жағдайында дәстүрлі ауызша поэтикалық сайыс ретіндегі жанрлық негізін сақтай отырып, медиалық ұсынылу форматы, аудиториямен өзара әрекеттесу тетіктері және әлеуметтік-мәдени қызметтері тұрғысынан жаңа сипатқа ие болды.

Заманауи айтыстың құрылымдық моделі

Қазіргі кезеңде айтыс өнері стихиялы фольклорлық құбылыстан жоспарлы түрде ұйымдастырылатын, көпсатылы ақындар сайысының жүйесіне айналып отыр. Бұл жүйе, ең алдымен, айтыскерлердің жас ерекшелігі мен кәсіби деңгейіне сәйкес сатыланған құрылым арқылы көрінеді. Соңғы жылдары қалыптасқан «қола – күміс – алтын» домбыра жүйесі айтыс өрісін ішкі иерархияға түсіріп, бір жағынан дарынды балалар мен жастарды ерте кезеңнен айтыс мектебіне тартса, екінші жағынан, үздік айтыскерлерді ұлттық деңгейде беделін танудың тетігі ретінде қызмет атқарады (Әлтаев, 2024).

«Қола домбыра» деңгейіндегі оқушылар айтысы заманауи айтыстың құрылымындағы

базалық саты ретінде қарастыруға болады. Бұл деңгейде басты мақсат – суырыпсалмалық дағдыны, өлең техникасын, сахналық мәдениетті бастапқы деңгейде қалыптастыру және айтысқа деген қызығушылықты тұрақты мәдени әдетке айналдыру. Функционалдық тұрғыдан алғанда, «қола домбыра» сатысы дәстүрлі ортадағы отбасылық, ауылдық шағын айтыстардың орнына өтетін институционалды алаң ретінде айтысқа әлеуметтенудің жаңа механизмін ұсынады. Осы деңгейде танылған жас ақындар кейінгі жарыстарға іріктеліп, құрылымның келесі сатыларына өтеді.

«Күміс домбыра» деңгейі айтыс жүйесіндегі жастарға арналған аралық буын болып табылады. Мұнда айтыскерлердің тақырыптық өрісі кеңейіп, әлеуметтік-қоғамдық мәселелерді, тарихи жады мен ұлттық бірегейлікке қатысты сұрақтарды көтеру қабілеті айқынырақ көрінеді. Осы деңгейде айтыскерлер кәсіби сахналық тәжірибе жинап, телевизиялық айтыстар және онлайн жобаларға қатысуға дайындалатын топқа айналады.

Жүйенің жоғарғы сатысы – «Алтын домбыра» айтысы. Ол заманауи айтыстың құрылымдық шыңы әрі жылдық циклді қорытындылайтын маңызды оқиға болып табылады. Бұл деңгейге, әдетте, жыл бойы әртүрлі аймақтық және республикалық айтыстарда үздік нәтиже көрсеткен, кәсіби тұрғыда қалыптасқан айтыскерлер іріктеледі. «Алтын домбыра» форматы рейтингке негізделгендіктен, айтыскерлердің шығармашылық деңгейін, олардың тақырыптық, поэтикалық, импровизациялық эволюцияны жүйелі түрде бақылауға мүмкіндік береді. Осындай құрылымдық шешім айтысты тек жай мәдени шара ретінде ғана емес, тұтас маусымдық жүйенің финалы ретінде қарастыруға жағдай жасайды.

Осылайша, заманауи айтыстың құрылымдық моделі үш негізгі өлшем бойынша сипатталады: а) жас және кәсіби деңгей бойынша сатыланған ішкі иерархияның болуы; ә) айтысқа кіріктірілген тәрбиелік, іріктеу және кәсібилендіру функцияларының күшеюі; б) ұлттық деңгейдегі танымалдықты бекітетін «Алтын домбыра» сияқты мәртебелік форматтардың қалыптасуы. Мұндай құрылым айтыс өнерінің дәстүрлі поэтикалық табиғатын сақтай отырып, оны қазіргі мәдени саясат, білім беру кеңістігі және медиалық индустрия талаптарына бейімдейтін институционалдық негіз ретінде бағалануы мүмкін.

Қорытынды

Жүргізілген мәдениеттанулық талдау айтыс өнерінің цифрлық мәдениет жағдайында күрделі әрі көпқырлы трансформация үдерісін бастан кешіп отырғанын көрсетеді. Біріншіден, айтыстың цифрлық фольклор кеңістігіне (internet folklore, netlore) енуі ауызша поэтикалық дәстүрдің жай ғана репрезентациялануы емес. Бұл құбылыс айтыстың мазмұны мен формасына, орындалу ерекшелігіне, сондай-ақ қабылдану мен таралу механизмдеріне тікелей әсер етіп, оларды түбегейлі жаңаша қалыптастырды. Интернет айтыс, радио айтыс және онлайн айтыс секілді форматтар фольклорды сақтау жолы ғана емес, жастар слегі, ғаламтор тілі және мемдік мәдениетпен өзара ықпалдасу арқылы жаңа бейнелеуіш құралдар жүйесін қалыптастыратын коммуникациялық орта ретінде де көрініс табуда (Nurimanov & Kishkenbayeva, 2021; Nuriman, 2023).

Екіншіден, айтыстың цифрлық ортаға бейімделуі қатысушы мәдениет (participatory culture) тұжырымдамасымен үндеседі (Jenkins, 2006). 2019–2024 жылдар аралығындағы «Алтын домбыра» айтысының көрсеткіштері (залдағы көрермен саны, YouTube-тағы қаралым, лайк және пікір саны) айтыс тыңдармандарының жай көрерменнен желілік интеракцияға сүйенген белсенді қатысушыға айналып келе жатқанын көрсетеді. Көрерменнің лайк басу, пікір қалдыру, дауыс беру және репост жасауы айтыс мәтінінің бағалауына, таралу динамикасына және цифрлық кеңістіктегі өміршендігіне ықпал етеді. Бұл айтысты қазіргі цифрлық мәдениеттегі интерактивті медиа тәжірибе деңгейінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, бүгінгі айтыста қалыптасқан «қола–күміс–алтын» домбыра жүйесі дәстүрлі өнердің біртіндеп институционалданып, кәсіби арнаға түсуін және мәдени саясатпен тығыз байланыса бастағанын айқын аңғартады. Бұл жүйеде «Қола домбыра» айтысқа қызығушылығы бар жас өрендердің жыр додасына ерте араласып, сахналық тәжірибе жинақтайтын әрі қабілетін ұштайтын бастапқы баспалдақ ретінде көрінеді. «Күміс домбыра» – жас буынның әлеуметтік-сыни ойы мен қоғамдық пікірін кеңірек білдіруге мүмкіндік беретін, шығармашылық бәсекесі күшейген орта деңгей. Ал «Алтын домбыра» ұлттық деңгейде мойындалған кәсіби айтыскерлердің мәртебесі мен шығармашылық беделін бекітетін ең жоғары саты қызметін атқарады. Тұтастай алғанда, бұл жүйе айтыстың дәстүрлі

негізін сақтай отырып, оның білім беру, тәрбиелік және мәдени индустриямен сабақтас қызметтерін күшейте түседі.

Төртіншіден, интернет фольклорды таратуға, мұрағаттауға және жаңа формада қайта өндіруге мүмкіндік беретін инфрақұрылымдық орта ретінде айтыстың дамуында да шешуші рөл атқарады (McClelland, 2000; Howard, 2008; Blank, 2012). Цифрлық мұрағаттар, YouTube арналары және желілердегі бейнежазбалар айтысты бір сәттік сахналық оқиға шеңберінен шығарып, қайта-қайта қаралатын, үзінділері таралатын әрі жаңа мағынамен толықтырылған динамикалық мәдени мәнге айналдырады. Осы тұрғыдан алғанда, айтыс цифрлық фольклор кеңістігінде ұлттық мәдениетті, тарихи жадты және қоғамдық пікірді желі арқылы танытатын, дәстүр мен жаңа медианың тоғысында тұрған гибридіті феномен ретінде сипатталады.

Зерттеу нәтижелерін жинақтай келе, айтыстың цифрлық мәдениеттегі трансформациясы үш деңгейде көрініс табатынын айтуға болады:

1. Медиалық деңгей: айтыс бұрынғы сахналық көрсетіліммен шектелмей, телевизиялық, интернет және әлеуметтік желідегі мультимедиялық форматқа өтті.

2. Қатысу деңгейі: көрерменнің рөлі өзгеріп, ол енді тек жай тыңдарман емес, пікір қалдыру,

лайк, бөлісу, дауыс беру сияқты әрекеттер арқылы қатысушы мәдениет субъектісіне айналды.

3. Институционалдық деңгей: «қола-күміс-алтын» домбыра жүйесі айтыстағы деңгейлік сатыларды бекітіп, оның мәдени саясат, білім беру және медиа индустриямен байланысын күшейтті.

Қорыта келгенде, цифрлық мәдениет жағдайында айтыс өнері бір мезгілде әрі фольклорлық жадты сақтайтын, әрі жаңа медиа технологиялармен жанарып отыратын мәдени құбылыс ретінде көрінеді. Яғни айтыс ұлттық мәдениеттің үздіксіз жалғасуын да, қазіргі заманға бейімделуін де қамтамасыз ететін көпір қызметін атқарады. Алдағы зерттеулерде айтысқа арналған цифрлық дерекқорлар мен онлайн мұрағаттарды, әлеуметтік желі алгоритмдерінің айтыс бейнелері мен мәтіндерінің таралуына әсерін нақты деректерге сүйене отырып тереңірек талдау маңызды болып қала береді.

Авторлар үлесі

А.Ш. Жұбанышов – зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу, зерттеуді жүргізу, материалдарды жинау және талдау, мақаланың бастапқы нұсқасын жазу;

С.М. Каупенбаева – әдіснаманы әзірлеу, ғылыми жетекшілік, мәтінді редакциялау және тексеру.

Әдебиеттер

- Alekseyevskiy, M. D. (2015). Folklorida internet mi, internet folkloru mu? (Çağdaş folkloristik ve sanal gerçeklik) (A. Bağcı, Trans.). *Uluslararası Türk Dünyası Kültür Araştırmaları Dergisi*, 1(1), 199–219.
- Әлтаев, А. (2024). Домбыраның алтыны – қоласы бар. Әдебиет порталы. https://adebiportal.kz/kz/news/view/dombyranyn-altyny-qolasy-bar_25814
- Bars, M. E. (2018). Internet folkloru: Netlore. *TÜRK Uluslararası Dil Edebiyat ve Halk Bilimi Araştırmaları Dergisi*, 1(15), 160–179.
- Blank, T. J. (Ed.). (2009). *Folklore and the Internet: Vernacular expression in a digital world*. University Press of Colorado.
- Blank, T. J. (Ed.). (2012). *Folk culture in the digital age: The emergent dynamics of human interaction*. University Press of Colorado.
- Blank, T. J. (2018). Folklore and the Internet: The challenge of an ephemeral landscape. *Humanities*, 7(2), 50.
- Frindte, W., & Geschke, D. (2019). *Lehrbuch Kommunikationspsychologie*. Beltz Juventa.
- Gergen, K. J. (1991). *The saturated self: Dilemmas of identity in contemporary life*. Basic Books.
- Howard, R. G. (2008). Electronic hybridity: The persistent processes of the vernacular web. *Journal of American Folklore*, 121(480), 192–218.
- Jenkins, H. (2006). *Convergence culture: Where old and new media collide*. New York University Press.
- Kapaniaris, A. (2008). Digitization, documentation and dissemination of the Greek folk culture archives: The Dance Archive of “Dora Stratou” Theatre. In *Digital Heritage in the New Knowledge Environment: Shared Spaces & Open Paths to Cultural Content* (pp. 1–8).
- Kapaniaris, A. (2020). Digital storytelling via YouTube: Traditional dances in Greek primary school. *International Journal of Education and Information Technologies*, 14, 203–210.
- McClelland, B. (2000). Online orality: The Internet, folklore, and culture in Russia. In L. Lengel (Ed.), *Culture and technology in new Europe: Civic discourse in transformation in postcommunist nations* (pp. 179–191). Ablex Publishing.
- Nalcioğlu, B. B. (2020). Netlore as new folk culture in social media. *Millî Folklor*, 127, 187–205.
- Nuriman, B. (2023). Türkiye ve Kazakistan’da âşık atışmasının/aytısının güncel durumu hakkında karşılaştırmalı bir inceleme. *Millî Folklor*, 140, 107–118.
- Nurimanov, B., & Kishkenbayeva, Z. (2021). An investigation of aitys and poems on the pandemic in Kazakhstan during COVID-19. *Millî Folklor*, 17(129), 98–110.

- Papadakis, S. (2021). The impact of coding apps to support young children in computational thinking and computational fluency: A literature review. *Frontiers in Education*, 6, 657895.
- Papadakis, S., & Kapaniari, A. (Eds.). (2022). *The digital folklore of cyberculture and digital humanities*. IGI Global.
- Zhalgasbayeva, K. (2024). Development of internet aitys in Kazakhstan. *Milli Folklor*, 18(143), 99–110.

References

- Alekseyevskiy, M. D. (2015). Folklorida internet mi, internet folkloru mu? (Cagdas folkloristik ve sanal gerceklik) (A. Bagci, Trans.). *Uluslararası Turk Dunyasi Kultur Arastirmalari Dergisi*, 1(1), 199–219. (Turkish)
- Altaev, A. (2024). Dombyrany altyny – qolasy bar. *Adebiportal.kz*. https://adebiportal.kz/kz/news/view/dombyrany-altyny-qolasy-bar_25814 (Kazakh)
- Bars, M. E. (2018). Internet folkloru: Netlore. *TURUK Uluslararası Dil Edebiyat ve Halk Bilimi Arastirmalari Dergisi*, 1(15), 160–179. (Turkish)
- Blank, T. J. (Ed.). (2009). *Folklore and the Internet: Vernacular expression in a digital world*. University Press of Colorado.
- Blank, T. J. (Ed.). (2012). *Folk culture in the digital age: The emergent dynamics of human interaction*. University Press of Colorado.
- Blank, T. J. (2018). Folklore and the Internet: The challenge of an ephemeral landscape. *Humanities*, 7(2), 50.
- Frindte, W., & Geschke, D. (2019). *Lehrbuch Kommunikationspsychologie*. Beltz Juventa.
- Gergen, K. J. (1991). *The saturated self: Dilemmas of identity in contemporary life*. Basic Books.
- Howard, R. G. (2008). Electronic hybridity: The persistent processes of the vernacular web. *Journal of American Folklore*, 121(480), 192–218.
- Jenkins, H. (2006). *Convergence culture: Where old and new media collide*. New York University Press.
- Kapaniari, A. (2008). Digitization, documentation and dissemination of the Greek folk culture archives: The Dance Archive of “Dora Stratou” Theatre. In *Digital Heritage in the New Knowledge Environment: Shared Spaces & Open Paths to Cultural Content* (pp. 1–8).
- Kapaniari, A. (2020). Digital storytelling via YouTube: Traditional dances in Greek primary school. *International Journal of Education and Information Technologies*, 14, 203–210.
- McClelland, B. (2000). Online orality: The Internet, folklore, and culture in Russia. In L. Lengel (Ed.), *Culture and technology in new Europe: Civic discourse in transformation in postcommunist nations* (pp. 179–191). Ablex Publishing.
- Nalciglu, B. B. (2020). Netlore as new folk culture in social media. *Milli Folklor*, 127, 187–205. (Turkish)
- Nuriman, B. (2023). Turkiye ve Kazakistan’da asik atismasinin/aytisin guncel durumu hakkında karsilastirmali bir inceleme [A comparative study on the current state of aitys/ashik contests in Turkey and Kazakhstan]. *Milli Folklor*, 140, 107–118. (Turkish)
- Nurimanov, B., & Kishkenbayeva, Z. (2021). An investigation of aitys and poems on the pandemic in Kazakhstan during COVID-19. *Milli Folklor*, 17(129), 98–110.
- Papadakis, S. (2021). The impact of coding apps to support young children in computational thinking and computational fluency: A literature review. *Frontiers in Education*, 6, 657895.
- Papadakis, S., & Kapaniari, A. (Eds.). (2022). *The digital folklore of cyberculture and digital humanities*. IGI Global.
- Zhalgasbayeva, K. (2024). Development of internet aitys in Kazakhstan. *Milli Folklor*, 18(143), 99–110.

Авторлар туралы мәлімет:

Жұбанышов Ақниет Шынбергенұлы (корреспондент-автор) – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты, <https://orcid.org/0009-0002-5302-3364>, (Алматы, Қазақстан, e-mail: akniet.zhubanyshov@gmail.com).

Каупенбаева Самал Мухамметалиевна – PhD, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Философия және саясаттану факультеті, Дінтану және мәдениеттану кафедрасы, <https://orcid.org/0000-0002-2435-6912> (Алматы, Қазақстан, e-mail: Samal.Kaupenbaeva2@kaznu.edu.kz).

Information about authors:

Zhubanyshov Akniet Shynbergenuly (corresponding author) – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, <https://orcid.org/0009-0002-5302-3364>, (Almaty, Kazakhstan, e-mail: akniet.zhubanyshov@gmail.com).

Kaupenbaeva Samal Mukhametalievna – PhD, Department of Religious and Cultural Studies, Faculty of Philosophy and Political Science, Al-Farabi Kazakh National University, <https://orcid.org/0000-0002-2435-6912> (Almaty, Kazakhstan, e-mail: Samal.Kaupenbaeva2@kaznu.edu.kz).

Сведения об авторах:

Жұбанышов Ақниет Шынбергенұлы (автор-корреспондент) – PhD-докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: akniet.zhubanyshov@gmail.com).

Каупенбаева Самал Мухамметалиевна – доктор философии (PhD), Казахский национальный университет имени аль-Фараби, факультет философии и политологии, кафедра религиоведения и культурологии (Алматы, Казахстан, e-mail: Samal.Kaupenbaeva2@kaznu.edu.kz).

Келіп түсті: 20.10.2025
Қабылданды: 20.12.2025